

ЭКОНОМИКАНЫҢ ТИІМДІ ӨСУІНІҢ ФАКТОРЛАРЫ

Орындаған: Жамбыл М

Топ: В16ТКИЛП

Қабылдаған: Қалдыгозова М

Жоспар:

- ◎ **Экономикалық** өсу қоғамдық еңбек нәтижесін, оның өнегелік, рухани сипаттамаларын көрсетеді. Ол — экономикалық динамиканың көрсеткіші және қайнар көзі. Бұл экономикалық теорияның предметі мәселелерінің екінші жүйесі.

- ◎ **Экономикалық өсудің мақсаты** — бұл адамдардың материалдық және рухани қажеттіктерін қамтамасыз ету, қоғам дамуының өнегелік негіздерін күшейту. Адамдардың білімі, дағды-тәжірибесі, қабілеті адамдар капиталын құрайды. Бұл адамдардың болашақтағы өмір-жағдай дәрежесінің кепілі болып табылады.



- Экономикалық өсу жалпы әл-ауқатының дамуымен байланысты: өмір сүру ұзақтығының өсуі, медициналық қызмет көрсетуінің сапасы, білім беру деңгейі, жұмыс күнінің ұзақтығының қысқартылуы және т. б

- **Экономикалық өсудің өлшеу тәсілдері**

- 1. Нақты жалпы ұлттық өнімнің (ЖҰӨ) өсуі. Бұл әдіс экономикалық мүмкіншілігінің молаю шапшандығын бағалау үшін қолданылады.
- 2. Жалпы ұлттық өнімнің (ЖҰӨ) бір адамға шаққандағы өсуі. Халықтың әл-ауқатының дамуын талдағанда, немесе елдер мен аймақтардағы тұрмыс дәрежесін салыстырғанда қолданылады.

Хэкономикалық даму басты төрт факторларға негізделген:

- Халық
- Табиғи ресурстар
- Капитал жинақтау
- Техника



Экономикалық өсудің факторлары

- ◎ Экономикалық өсудің факторлары дегеніміз өндірістің нақты көлемін және оның тиімділігі мен сапасын арттыратын құбылыстар ықпалы мен процестер.
- ◎ Тигізетін ықпалына қарай экономикалық өсудің факторлары жанама және тікелей факторларға бөлінеді.

Тікелей факторлар:

- - Еңбек ресурстарының саны мен сапасының өсуі.
- - Негізгі капитал көлемінің өсуі және сапалық құрамының жақсаруы.
- - Өндірісті ұйымдастырумен қатар технологияның жетілдірілуі.
- - Пайдаланатын табиғи ресурстардың саны мен сапалылығының артуы.
- - Қоғамдағы кәсіпкерлік қабілетінің өсуі.

Жанама факторлар:

- ◎ - Сұраныс факторлары – тұтыну, инвестициялық, мемлекеттік шығындардың өсуі.
- ◎ - Ұсыныс факторлары – бәсекенің дамуы, ресурстардың бағасының төмендеуі, несие алу мүмкіншілігінің өсуі.
- ◎ - Бөлу факторлары – қоғамдағы барлық ресурстарды тиімді пайдалану.

экономикалық өсудің сапасын сипаттайтын көрсеткіштер:

- 1. халықтың материалдық әл-ауқатының жақсаруы;
- 2. адамның бос уақытының көбеюі;
- 3. әлеуметтік инфрақұрылым салаларының даму дәрежесінің жоғарылауы;
- 4. адам капиталына инвестицияны өсіру;





- ⑤ адамдардың еңбек және өмір жағдайларының қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- ⑥ жұмыссыздар мен жұмысқа қабілеті жоқтарды әлеуметтік қорғау;
- ⑦ еңбек нарығында ұсыныс көлемінің өсуі жағдайында жұмыспен толық қамтуды қолдау.

Экономикалық өсуге қол жеткізу үшін экономикалық саясат-тың келесі он негізгі қағидаларын сақтау қажет.

- ① Мемлекеттік экономикаға араласуының шектеулі болуы.
- ② Инфляцияны, бюджет тапшылығын төмендету жолымен, Ұлттық валютаны жағдайда және қорланудың жоғарғы нормасы негізінде макроэкономиканы тұрақтандыру

- ◎ Бағаны нарықтандыру
- ◎ Жеке меншік институттарын жерге деген құқықтың, сондай-ақ меншік құқықтарын және келісім-шарттардың орындалуын қорғайтын заң жүйесін құрудың есебінен нығайту.
- ◎ Кәсіпорындарды жекешелендіру.

- Ашық экономика және еркін сауда құру.
- энергетикалық және өзге де табиғи ресурстарымызды игеруді жалғастыру.
- Шетел инвестицияларын тиісінше қорғау.
- технологиялық стратегияны қалыптастыру,



Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қаржы-экономика сөздігі. — Алматы: ҚР Білім және ғылым министрлігінің Экономика институты, «Зияткер» ЖШС, 2007. [ISBN 978-601-215-003-2](#)
2. <https://baribar.kz/student/22540/ekonomikalyq-oesu-turaly-referat/>
3. <https://bigox.kz/ekonomikanyn-osui-ekonomikalyk-osudin-tipteri-faktorlary/>

НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА
РАХМЕТ!